



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

қабылданды.[3.9]

Қытай мәдениеті мен тарихының байлығы мен ашылмаған, айтылмағын сырларымен өзіне тартады. Әрі өзіндік ерекшелігін, болмысын сыртқы саясаттың экономикалық, технологиялық, әскери салаларында әрдайым қатар ұштастырып отырады. Сонымен бірге әр саланы байланыстарушы көпір қызметін сандар атқарады. Жоғарыда аталып өткен деректердің ортақ бір қорытындыға келтірсек, қытай халқының қазіргі тынысы мен ертеңі мен өткені үнемі сандармен байланыста болды және олар әрбір қытайлық үшін белгілі бір түсінік қалаптастыруға себепші болады. Бұл Қытайдың әлем назарынан тыс қалмауына әрі тұрақты дамуы мен бірегейлігінің көпжылдық болашағына кепіл болады.

Қолданылған әдебиет

1. Кравцова М.Е История культуры Китая 2003 ж . 3- басылым 416б. 40-45, 53-57
2. Д. Омаров Мерекесі мол мемлекет Алматы 2010 ж. 137б. 119-124 б.
3. <http://www.akorda.kz/>
4. Silicornus.com

ОӘЖ 811.581'373.421

ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ ӨЗАРА-МӘНДЕС СӨЗДЕР (同义词) МЕН СИНОНИМДЕР (近义词)

Цзинь Бэйли
Искакова Мадина Серикболсыновна
Шаяхмет Жұлдыз
7636943@qq.com
madok.17@mail.ru
sjuldiz@hotmail.ru

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Қытай филологиясы кафедрасы оқытушылары,
Астана, Қазақстан*

Қытай тіліндегі өзара мәндес сөздер мен синонимдерді ажырата талдау қазіргі қытай тілінің маңызды зерттеу объектісі болып табылады. Қазір көптеген ғалымдар қытай тіліндегі өзара-мәндес сөздер мен синонимдер арасындағы байланыс қандай, өзара-мәндес сөздер мен синонимдер біртұтас бөлік ретінде қарастырыла ма әлде жеке дара объекті болып табыла ма деген пікірлер айтуда. Өзара-мәндес сөздер мағыналары бірдей немесе жақын сөздер. Синонимдер мағынасы жағынан бірдей сөздер, бірақ қолдану жағы мен эмоция, дауыс ырғағы жағында айырмашылықтары бар.

Өзара-мәндес сөздер мен синонимдердің айырмашылықтары:

Қазіргі таңдағылым саласындағы өзара-мәнде ссөздер мен синонимдерді талдау мен ажыратуда өзара- мәндес сөздерге басымырақ мән береді. Өзара-мәндес сөздер дегеніміз- синоним сөздер ме деген сұрақ ғылым саласында бүгінгі таңға дейін шешімін таппай отырған мәселелердің бірі болып тбылады. Кейбір ғалымдардың пайымдауынша, өзара-мәндес сөздер мағынасы жақын сөздер, яғни мағыналары жақын болса, оларды өзара-мәндес сөздер деп атауға болады. Ал, кейбір ғалымдардың пікірі бойынша, өзара-мәнде ссөздер дегеніміз мағынасы түгелдей ұқсас екібуынды немесе оданда көп буынды сөздер. Сондай-ақ, компромистік көзқараста бар. Синологтар өзара-мәндес сөздерді зерттеуде мынадай үш негізгі тұжырымға келді.

1. Синонимдерді өзара-мәндес сөздердің субъектісі деп қарастырып, оларды өзара-мәндес ретінде қолдануға болады. Қытай профессоры Джан Джинь өзінің «Лексиканы

оқыту методикасы» атты кітабында синонимдерді өзара-мәндес сөздердің бірбөлігі деп есептейді. Бұл көзқарастағы ғалымдар мағынасы ұқсас сөздерді өзара –мәндес сөздер деп есептейді. Мысалы «现在» және «如今», «安静» және «宁静». «打算» және «计划», «但» және «却» бұл сөздердің барлығы өзара-мәндес сөздер. [1, 186]

2. Өзара-мәндес сөздер мен синонимдер өзара ұқсамайтын лексикалық субъект, оларды

бөлек қарстыру қажет. Қытай профессоры Лиу Шу Шин өзінің «Сөздердің семантикасы мен қолданылуы», «Өзара-мәндес сөздер мен синонимдердің классификациясы» атты еңбегінде синонимдер мен өзара-мәндес сөздер мүлдем ұқсамайды деген көзқарасты ұстанды. Оларды лексикада бірдей құрылым деп қарастыруға болмайды деді. Аталмыш көзқарастағы ғалымдар өзара-мәндес сөздер деп, мағынасы бір сөздерді атайды. Мысалы: «爸爸», «爹 », «父亲»; «妈妈», «娘», «母亲»; «卷心菜», «包心菜»; «玉米», «棒子» деген сөздердің барлығы өзара-мәндес сөздер, ал мағынасы жақын, бірақ толықтай ұқсас емес сөздерді синоним сөздер деп атаймыз. Бұған жоғарыда атап кеткен «安静» мен «宁静» синоним сөздері дәлел бола алады. [2, 25]

3. Өзара- мәндес сөздер мен синонимдерді біріктіріп синонимдер деп қарастырады. Кейбір ғалымдар өзара-мәндес сөздерді синонимдер деп, өзара-мәндес сөздердің бар екенін мойындамайды, өзара-мәндес сөздер мен синонимдерді бір бүтін деп қарастырады. Мысалы: Бо Чо қытай профессоры «Өзара-мәндес сөздердің қолданылуы» атты еңбегінде мағынасы жағынан жақын сөздерді өзара-мәндес сөздер деп айтқан. Өзара-мәндес сөздер қолданылуы жағынан айырмашылықтары бар. Мысалы: «爸爸» қазақ тілінде «папа» деген сөзге дәл келеді, көбінесе ауызекі тілде қолданылады. «父亲» «әке» деген сөзге мағыналас, көркем әдеби тілде көбірек қолданылады.

Өзара- мәндес сөздер мен синонимдерді өз алдына лексикологияның жеке құрамдас бөліктері ретінде қарастыру қажет. Ғалымдардың пікірінше, өзара- мәндес сөздерді жеке қарастырудың себептері төмендегідей:

- Жаңа сөздер мен ескі сөздердің тең қолданылуы: Мысалы: «普通话» мен «国语»; «夫人» мен «老婆».

- Әдеби сөздер мен диалект сөздерден пайда болған сөздер: «玉米» мен «苞谷»; «做» мен «搞» ;

- Кіріме сөздерден пайда болған сөздер: «维生素» мен «维他命»; « 发动机» мен «引擎»;

- Адамзат ой-өрісінің дамуы мен жаһандану заманының әсерінен қолданыстағы сөздер де үздіксіз жаңарып отырады. Мысалы: «地» мен «土地 »; «种植» мен «栽种»;

Ал, синонимдер қытай тілінде бұрыннан лексиканың бір саласы ретінде қарастырылып келе жатыр.

1956 жылы Сун Чан Сю профессоры өзара-мәндес сөздер мен синоним сөздерді қолданғанда өзара ауыстыру тәсілі арқылы ажыратуға болатынын атап кеткен. Егер сөйлемдегі сөздерді балама сөздермен ауыстырғанда мағынасы жоғалмаса, ол сөздер өзара-мәндес сөздер болып табылады. Сөйлемдегі сөздерді балама сөздермен ауыстырғанда мағынасы мен қолданысы дұрыс болмаса, ол синоним сөздер. 1-Мысал: а)她碰了碰我的手 臂示意我走开。(胳膊) б)这么冷的天, 你穿上衣服再出去。(衣裳)

Бұл екі мысалдағы 胳膊 сөзі мен 手臂 сөзін және 衣服 сөзі мен 衣裳 сөзін ауыстырып қолдануға болады. Яғни, олар өзара-мәндес сөздер.

2-Мысал: 现在是下午 2 点。(如今). Бұл жердегі 现在 және 如今 сөздерін ауыстыруға келмейді. Олардың мағыналары жақын болғанымен, қолданысы әр түрлі, яғни синоним сөздер болып табылады.

Өзара-мәндес сөздер мен синоним сөздерді оқыту методикасы:

Ана тілі қытай тілі болап табылатындарға және қытай тілін шет тілі ретінде оқитындарға лексиканы үйретуде айырмашылықтар болады. Қытай тілі ана тілі болып

табылатын студенттер өзара-мәндес сөздер мен синоним сөздерді тереңірек зерттеу қажет, ал қытай тілін шет тілі ретінде оқытын студенттерге өзара-мәндес сөздер мен синоним сөздерді жалпылама синоним деп қарастырған жөн. Мағынасы жақын синоним сөздерді қолданғанда өзіндік айырмашылықтары барын студенттерге ескерту ретінде айта кеткен жөн. Төменде синоним сөздер мен өзара-мәндес сөздердің қолдану жолдары мысал ретінде көрсетілген :

1. 先生和老师

[Ескертпе] Өзгелерге мұғалімінді таныстырған кезде, “他是我的先生。”деп айтуға болмайды.

“先生”-білім дәрежесі жоғары адамға қолданылатын атау. Әдетте Жоғары оқу орындарындағы оқытушыларды да “先生”деп атауға болады. Мысалы, “王先生教我们汉语。”

“先生”-қоғамда қолданылатын этикет сөзі де болып табылады. Әдетте әйел адамдарды “太太”, “小姐”,

“女士”, ер адамдарды “先生”деп атайды.

“先生”депөзіннің немесе қарсы жақтың жұбайын айтуға болады. Алдына жіктеу есімдігі қолданылады. Мысалы, (1) 他是我先生。

(2) 你先生在哪儿工作?

Егер де өзгелерге мұғалімінді таныстырған кезде, “他是我的先生”деп айтуға болмайды, әйтпесе түсініспеушілік тудырады. “他是我的老师。”деп айту керек.

2. “说” 什么, “告诉”谁?

[Ескертпе]※他说我一件事。деп айтуға болмайды.

“说” және “告诉”сөздерінен кейін келетін толықтауыштары әр түрлі.

说+内容(мазмұн)

告诉+人(адам +内容 мазмұн)

Мысалы, “说”:

1) 他说: “我早知道了。”

2) 他说他早知道了。

3) 他说过这件事。

4) 请你说一说这两个词的区别。

“告诉”:

1) 他告诉我他早知道了。

2) 他告诉我一件事。

3) 他告诉过我。

Салыстыру:

1) 他告诉我一件事。

2) ※他说我一件事。

3) 他对/跟我说一件事。

“说” мен “告诉”сөздері синоним болып табылады, бірақ “说”сөзінен кейін толықтауыш жіктеу есімдігі болмауы тиіс, тек ол айыптау, сөгу мағынасын білдіргенде ғана жіктеу есімдігі қолданылады. (11), (12) мысалдардан көре аласыз.

(11) 她常常迟到, 老师说过她很多次, 她还是老样子。

(12) 这么晚了, 我再不回去, 我妈该说我了。

说(责备, 批评)+人

Ал “告诉”сөзінен соң жіктеу есімдігі келеді.

说+什么(не?); 告诉+谁(кімге?)

Сонымен қатар, “说说”, “说了说”, “说一说”, “说一下”деп қолданамыз, бірақ ※“告诉告诉”, ※“告诉了告诉”, ※“告诉一告诉”деп айтуға болмайды. Тек былай ғана қолдана

аламыз“告诉+人+一下儿”。

3.“参观”和“访问”

[Ескертпе] “参观” сөзінің объектісі - белгілі бір мекен, ал“访问” сөзінің объектісі - адам.

“参观” мен“访问”синонимдері vizit деген мағына береді, бірақ оларды алмастырып қолдануға болмайды.

Мысалы:

(1) a. 上星期我们访问了一位老农民。

b. ※上星期我们参观了一位老农民。

(2) a. 我想去参观那个图书馆。

b. ※我想去访问那个图书馆。

“参观 – белгілі бір мекенге барып, анықтап зерттеу, бақылауды білдіреді.

“访问”- бір жерге белгілі бір мақсатпен барудағы объектісі адам болып табылады.

Салыстырайық:

(3) a. 我们参观了复旦大学。

b. 我们访问了复旦大学。

(3) a. мысалында біз Фудан университетінің маның, корпустарын, кітапханаларын, жатақханаларын, т.б. жерлерді көрдік. (3) b. мысалында біз Фудан университетінің студенттерімен бірге әңгімелесу барысында университеттің жағдайымен таныстық. “我们参观并访问了复旦大学” деп те айта аламыз.

Сұрақ қою тәсілі арқылы біз “参观” мен“访问”сөздерінің қолдану айырмашылықтарын айыра аламыз.

(4) a. 你们参观了哪些地方?

b. 你们访问了谁 (哪些人, 什么人)?

c. 你访问过哪些国家 (城市)? [3, 71]

Қолданылған әдебиет

1.Джан Джинь. Лексиканы оқыту методикасы .- Пекин университеті баспасы, 2010.

2.Лиу Шу Шин. Сөздердің семантикасы мен қолданылуы.- Сюе Лин баспасы, 2011.

3.Хуан Нан Сон. HSK лексикасының түсіндірме сөздігі.-Пекин тілдер мәдениет университеті баспасы, 2002.

УДК 811.581 25

ОСОБЕННОСТИ НАУЧНО - ТЕХНИЧЕСКОГО ПЕРЕВОДА

Цошко Юлия Витальевна

Anna.yant@mail.ru

Студентка кафедры китайской филологии ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научные руководители – Шалдарбекова Амина Болатовна

Жапарова Айгерим Рашидовна

Данная статья посвящена исследованию особенностей перевода научно-технических текстов. Целью данной работы является рассмотрение особенностей и сложностей научно-технического перевода. Изучив работы таких ученых, как Мирам, Щичко В.Ф, Комиссаров, определение перевода и технического перевода выглядят так : «Перевод – один из самых сложных видов интеллектуальной деятельности человека. Хотя обычно говорят о переводе "с одного языка на другой ", но, в действительности, в процессе перевода происходит не просто замена одного языка другим. В переводе сталкиваются различные культуры, разные